

БЕКІТЕМІН

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының

Бас дәрігері М.С. Джуманкулов

«26» 07 2023 жылы



Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру жөніндегі

ЕРЕЖЕ

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында (бұдан әрі – Кәсіпорын) Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занын, Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасы А.Шпекбаевтың 2020 жылғы 30 желтоқсандағы «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын» басшылыққа ала отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында Кәсіпорынға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыратыносы Ереже әзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісі – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

3) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға тенестірлген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық жағдайында аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттемелерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

2 -тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметті Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына (бұдан әрі –сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннама) және осы Ережеге сәйкес Кәсіпорынға үйымдастыру – әкімшілік бөлімнің басшысы жүзеге асырады.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмысының негізгі мақсаты: Кәсіпорынтың және оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Занға сәйкес тиімді іске асыру.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) Кәсіпорын басшылығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

- 3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүйелілігі;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;
- 5) Кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі және жетілдіру.

3 - тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді Кәсіпорынның бас дәрігері қабылдайды.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті бұйрықтың Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

9. Кәсіпорынның кеңесші зангері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының сақталуы бойынша бақылауды жүзеге асыратын Кәсіпорынның басшысына есеп береді.

11. Кәсіпорынның ұйымдастыру – әкімшілік бөлімінің басшысының функционалдық міндеттемелерін, құқықтары мен жауапкершілігіоның лауазымдық нұсқаулығында айқындалады.

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке (Кәсіпорынның кеңесші зангері) мынадай функцияларды жүктеу ұсынылады:

1) Кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

3) мұдделер қактығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

4) Кәсіпорын қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Енбек және халықты алеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 342 бұйрығымен бекітілген Азаматтық қызметшілердің қызмет әдебі кодексінің сақталуын талап ету;

5) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қагидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы №12 бұйрығына сәйкес тиісті мамандарды тарта отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

6) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

7) сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;

8) Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендете жөніндегі жұмысты үйлестіру;

9) Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Жамбыл облысы бойынша департаментіне жәрдем көрсету.

13. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттемелерді беру ұсынылады:

1) қызметіне қатысты Кәсіпорынтың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды сұратады және ала алады;

2) олардың құзыретіне жататын мәселелерді Кәсіпорынтың басшысының немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғаның (органның) қарауына шығаруға бастамашылық жасай алады;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасай алады;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға қатыса алады;

5) олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер үйімдастыруды және өткізеді;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтауға міндетті;

7) сыйбайлас жемқорлықтың, Әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етуге міндетті;

8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамабұзушылықтың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы Кәсіпорынтың басшысын және/немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Жамбыл облысы бойынша департаментін уақтылы хабардар етуге міндетті;

9) Қазақстан Республикасының заннамасына қайши келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыра алады.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке (Кәсіпорынтың кеңесші зангері) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзудың орын алған немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алатын, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде сенім телефоны құрылсын және ол Кәсіпорынның әлеуметтік желілерінде жариялансын.

15. Сыйбайлас жемқорлық комплаенс-қызметкізметкі (Кәсіпорынның кеңесші зангері) мүдделер қактығысына (қаржылық, мүліктік, туыстық немесе өткізілетін іс-шара шенберінде қандай да бір өзге мүдделіліктің болуы) әкеп

соқтыруы мүмкініс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспауды керек.

16. Кәсіпорын басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі (Кәсіпорынның кеңесші заңгері)лауазымға қабылданған күннен бастап жылына кемінде 1 рет сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына жүйелі оқытуды қамтамасыз етуі керек.

17. Оқыту нысандарын өткізу әдістерін (дәрістер, семинарлар, тренингтер) Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Жамбыл облысы бойынша департаментімен келісе отырыпайқындайды.

18. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдістемелік және ақпараттық қолдауды Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Жамбыл облысы бойынша департаменті көрсетеді.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі (Кәсіпорынның кеңесші заңгері) сыйбайлас жемқорлықтан алдын ала сақтандыру жөнінде жүргізген іс-шаралар бойынша есепті:

1) ай сайын Кәсіпорынның басшысына баяндайды;

2) тоқсан сайын Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Жамбыл облысы бойынша департаментіне жолдайды;

3) атқарылған шаралар ақпаратын жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне Кәсіпорынның әлеуметтік желілеріне немесе ресми интернет-ресурсында орналастырады.

20. Кәсіпорынта сыйбайлас жемқорлықтан алдын ала сақтандыру бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өзге де квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі өзінің әріптестеріне тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.